

БАЛАБАҚШАҒА БАРУ ОҢАЙ!

ВАУЧЕРЛІК (ДЕРБЕСТЕНДІРІЛГЕН) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША



1 БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА

2024 жылы қалаңызда ата-аналарға білім беру қызметтерінің сапасын бақылауға мүмкіндік беретін, балабақшаларды **ваучерлік қаржыландыру** тәсілі іске қосылады

Енді ата-аналарға балабақшаға жолдама алу үшін білім бөліміне барудың қажеті жоқ. Сіз кезекке тұрып, балабақшаны таңдап, **үйден шықпай-ақ** кез келген уақытта **INDIGO24.KZ** порталында қабылдау туралы ваучер ала аласыз



INDIGO24.KZ порталында қаладағы барлық балабақшалар және олардың фотоларымен жабдықталуы туралы ақпарат бар

Осы жерде қайсы балабақшада және қандай топтарда бос орындар бар екенін білуге болады

Табылған ұйымдар: 316

Virtuoso Elite kindergarten
Мемлекеттік
Тараз қ, Сухамбаева к., 34 ғимарат
Түрі: Балабақша-мектеп кешені
Бос орындар: **ЖОҚ**
Кезек: **бар**
Тамақтану: 14 000 - 17 000 тг/айына

Балбөбек Әлемі
Жеке меншік
Тараз қ, Түркестанская к., 8 ғимарат
Түрі: Балабақша
Бос орындар: **ЖОҚ**
Кезек: **бар**
Тамақтану: 14 000 - 17 000 тг/айына
Оқу: тегін

Балдәурен
Мемлекеттік
Тараз қ, Жайлау шағын аудан, 19 ғи...
Түрі: Бөбекжай-балабақша
Бос орындар: **бар**
Кезек: **бар**
Тамақтану: 14 000 - 17 000 тг/айына
Оқу: тегін

Рано Бегим
Жеке меншік
Тараз қ, Ат Тарази к., 33 ғимарат
Түрі: Балабақша
Бос орындар: **бар**
Кезек: **бар**
Тамақтану: 14 000 - 17 000 тг/айына
Оқу: тегін

shashy
Жеке меншік
Тараз қ, Пушкин к., 59 ғимарат
Түрі: Балабақша
Бос орындар: **ЖОҚ**
Кезек: **бар**
Тамақтану: 14 000 - 17 000 тг/айына

Сондай-ақ мемлекеттен мектепке дейінгі оқуға ваучер алуға, балабақшаны таңдауға, электрондық шартқа қол қоюға және баланы оқуға қабылдауға мүмкіндік туындайды

Және бұның барлығы балабақшаға немесе білім бөліміне баруға **уақыт жұмсамай**, жасауға болады

Бұдан басқа, енді әрбір ата-ана кезекте неше бала тұрғанын, кім және қайда, қайсы балабақшаға және қандай топқа орын алғанын көре алады – **барлығы ап-ашық!**

2 ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ДЕГЕН НЕ?

1

Ваучерлік қаржыландыру кезінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі уәкілетті оператор – **«Қаржы орталығы» АҚ** арқылы әр бала үшін субсидияларды балабақшаға емес, ал баланың банк шотына аударады

Және ата-ана бұл ақшаны қайсы балабақшаға аударатынын, баланы қайда бергісі келетінін өзі шешеді

2

Ата-ана ваучер алғанда, ол өз қаласындағы бос орындары бар **кез келген балабақшаны** таңдай алады. Бұдан былай өзіңізге керек балабақшаға кезек қашан келеді екен деп **күтудің қажеті жоқ**

3

Ата-ана бұрынғыдай **баланың тамағы мен шарт бойынша қосымша қызметтердің** (үйірмелер, тасымалдау және т.б.) **ақысын төлейді**

Ал **мемлекет** мектепке дейінгі білімге **ақша бөлген** және **оларды ай сайын** бала балабақшаға барып жүргенше **банк шотына аударады**

4

Барып жүрген балабақшада көрсетілетін қызметтердің сапасына көңіліңіз толмай ма? Әлде басқа жаққа көшіп кеттіңіз бе? Әрқашан басқа балабақшаның **күту парағына алдын ала жазылып қоюға болады**. Ал орындар шығып қалған кезде **баланы бірден ауыстыруға**, мысалы, жазда, өйткені ол кезде көп балалар бірінші сыныпқа барады



3 ВАУЧЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?



1-ҚАДАМ

Ваучер алу үшін кезекке тұру



2-ҚАДАМ

Ваучердің автоматты түрде берілуін күту (мүдделілікті растауға 2 жұмыс күні. ED24 мобильді қосымшасына хабарлама келуі керек)



3-ҚАДАМ

Банктік эскроу-шотын ашу және бос орындары бар балабақшаға қабылдану (5 жұмыс күні)




4-ҚАДАМ

Қалауыңызша қазіргі таңда бос орындары жоқ балабақшалардың күту парағына тұру (4 балабақшаға дейін)



5-ҚАДАМ

Баланың балабақшаға баруы туралы электрондық табельді ай сайын тексеру және келісу (жеке кабинет)



4

БАЛАНЫ БАЛАБАҚШАҒА ҚАБЫЛДАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Ата-ана ЭЦҚ көмегімен **INDIGO24.KZ**-те электрондық шарт жасасып, екінші деңгейдегі банкте баланың атына банктік «эскроу-шот» ашу қажет

Бұның барлығын мобильді телефон немесе компьютер арқылы **қашықтықтан** жасауға болады



Құттықтаймыз! Балаңыз білім ордасына есік ашқалы тұр, ал оның ақысына мемлекет кепілдік береді!

5

ЕГЕР БАЛА БАЛАБАҚШАҒА БАРЫП ЖҮРГЕН БОЛСА ВАУЧЕР ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Барлығы оп-оңай! Ата-анаға бар болғаны **INDIGO24.KZ** порталында тіркеліп, балақайыңыздың біліміне ақша аудару үшін екінші деңгейдегі банкте (INDIGO жүйесіне қосылған) қашықтықтан банктік «эскроу-шотты» ашу қажет

6 ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

1 Жолдама алу үшін білім бөліміне бару керек пе?

Жоқ, керек емес, сіз жолдаманы мобильді телефон не компьютер арқылы **INDIGO24.KZ** порталында ала аласыз

2 Ваучер алу үшін **INDIGO24.KZ** порталындағы кезекке қалай тұруға болады?

Сізге екі ЖСН ғана керек: өзіңіздікі және баланікі, және әрі қарай қазақ не орыс тілінде жазылған нұсқауларды басшылыққа алу керек. Сондай-ақ егер ата-ана немесе бала жеңілдіктері бар азаматтар қатарына жататын болса, қосымша құжаттар керек болуы мүмкін. Сіз әрдайым порталдың өзінде немесе қалаңыздағы консультациялық орталықта консультациялық қолдау қызметіне жолығуға болады

3 Егер осыған дейін өтініш берген болсам, өз кезегімді қай жерден тексере аламын?

INDIGO24.KZ порталында кезекті тексеру үшін арнайы бөлім бар

4 Мен балама ваучерді қашан ала аламын?

Ваучерлер Білім басқармасы ақша бөлген сайын автоматты түрде **INDIGO24.KZ** жүйесінде берілетін болады. Жыл сайын барынша көбірек баланы мектепке дейінгі біліммен қамту үшін қаржыландыру көлемі ұлғаюда. Сондай-ақ көптеген ваучерлер алты жастағы балалар мектепке барған кезде жазда босайды. Ваучерді алу жылдамдығы кезектегі балалардың санына және бала тұрған кезектің түріне (18 кезек түрі бар) байланысты

5 Ваучерлік қаржыландыру үшін қай банктен шот ашу керек?

Балаға банктік шот INDIGO жүйесіне қосылған екінші деңгейдегі банкте қашықтықтан ашылады. Банкте ваучерлік қаржыландыруды алу үшін «эскроу-шотқа» қызмет көрсету ТЕГІН іске асырылады! «Эскроу-шоттағы» ақша балабақшаның қызметтері үшін ғана есептен алынуы тиіс

6

Кредиторлар баланың «эскроу-шотына» тыйым сала алады ма?

Жоқ, тыйым салуға болмайды! Мұндай банк шоттары сот орындаушыларының бұғаттауы мен шағымдарынан қорғалған

7

Ата-аналар ваучердің ақшасын баланың тамағына, балалар барып жүрген үйірмелер мен секциялардың, оның тасымалдануына ақысын төлеуге бола ма?

Жоқ, ваучер және мемлекеттік қаржыландыру, баланың **мектепке дейінгі ұйымдағы оқуы мен тәрбиесіне ғана пайдалануы мүмкін**. Тамақ пен қосымша қызметтердің ақысын ата-аналар өздері төлейді

8

Егер маған балам барып жүрген балабақша ұнамаса, басқа балабақшаға ауысуға бола ма?

Иә, әрине! Ол үшін ваучерді алғаннан кейін қазіргі уақытта бос орындары жоқ басқа балабақшаның күту парағына алдын ала жазылуға болады. Және орындар шыққан кезде бірден ауысуға болады

9

Ата-аналарға ваучерлік қаржыландыру не үшін керек?

Ата-аналар мемлекеттің әр баланың біліміне жұмсайтын қаржыландыру көлемін білетін болады. Қолында ваучер болғанда **әр ата-ана** өз баласына сапалы білім ұсынатын балабақшаны өзі таңдайтын болады. Балабақшаны кез келген уақытта ауыстыруға болады, ал **ата-аналарға ұнайтын балабақшалар** сіздердің балаларыңызға көбірек орын ашып, білім беру сапасын жақсартып алатын болады



ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР

fincenter.kz



INDIGO
ЭЛЕКТРОННЫЙ ДЕТСКИЙ САД

indigo24.kz